


Қаралды:

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
«Күләш Байсейітова атындағы дарынды
балаларға арналған РММОМИ» РММ
педагогикалық кеңесінің
20²¹ ж. «4» 11 № 2 хаттасы

Бекітемін:

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
«Күләш Байсейітова» атындағы
дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ директоры
Абдрашев Б.Т.



**Қызметкерлерге сыйақы беру және лауазымдық жалақыларына
ынтандыруши ұстемеақылар белгілеу туралы**
ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мектеп-интернат) қызметкерлеріне сыйақы беру және лауазымдық жалақыларына ынтандыруши ұстемеақылар белгілеу туралы ережесі функционалдық міндеттерін дер кезінде және сапалы орындағаны үшін сыйақы беру және мектеп-интернаттың ӘБП қызметкерлеріне лауазымдық жалақыларына ынтандыруши ұстемеақылар тағайындау тәртібін регламенттейтін локальды нормативтік акт болып табылады.

1.2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) 23.11.2015ж. № 414-V Еңбек кодексіне, «Білім туралы» 27.07.2007ж. № 319-III Заңына, «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына, «Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлеріне жалақыны есептеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 29 қаңтардағы № 40 бұйрығына, «Мәдениет, мәдениет саласында білім беру, тілдерді дамыту, архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, дене шынықтыру және спорт салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №419 бұйрығына, «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына ұстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1127 қаулысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

1.3. Осы Ереженің мақсаты айқындылықты және қызметкерлерге сыйақы беру мен лауазымдық жалақыларына ынтандыруши ұстемеақылар белгілеу мәселелері бойынша қарау және шешім қабылдау тәртібіне

бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету, қызметкерлердің еңбек нәтижелеріне материалдық мүдделігін арттыру және мектеп-интернатта еңбек тәртіптемесін нығайту болып табылады.

1.4. Осы Ереже мектеп-интернаттың барлық штаттық қызметкерлеріне және өзге де жұмыскерлеріне, сондай-ақ Конкурстық қызмет және оқушылардың конкурстарға қатысуы туралы ережемен бекітілген жоғары және орта рейтингті (А, В санаттары) кәсіби шеберлік конкурстарының лауреаттары мен женімпаздарын дайындаған жағдайда әкімшіліктің шешімі бойынша жұмысты қоса атқаратын педагог қызметкерлерге қатысты қолданылады.

1.5. Қызметкерлерге сыйақы беру және лауазымдық жалақыларына ынталандыруши ұстемеақылар белгілеу кредиттік берешек жоқ болған жағдайда бюджеттік бағдарламаның (шағын бағдарламаның) қаржыландыру жоспары бойынша мектеп-интернатты күтіп-ұстауға көзделген мемлекеттік бюджет қаражатын үнемдеу есебінен жүзеге асырылады.

1.6. Қызметкерлерге сыйақы беру және лауазымдық жалақыларына ынталандыруши ұстемеақылар белгілеу Жарғы мен осы Ережеде көзделген тәртіпте мектеп-интернат директорының бұйрығы негізінде, ақшалай сыйлықақы бөлу мәселелерін қарау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – комиссия) шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Қызметкерлерге сыйақының және жалақыға ұстемеақылардың мөлшерін мектеп-интернат директоры комиссияның ұсынымдары бойынша белгілейді.

2. Комиссияның функциялары мен өкілеттіктері

2.1. Комиссия педагог және басқа да қызметкерлердің орындаитын жұмысының сапасын талдау және бақылау құзыреттіктері мен функциялары бар құрылымдық бөлімше басшылары, мектептің «Адалдық алаңы» сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңесінің төрағасы немесе өкілі, «Ұстаз» кәсіби одақ бастауыш ұйымының төрағасы қатарындағы мектеп-интернаттың қызметкерлерінен директордың бұйрығымен тағайындалады.

2.2. Комиссия 1 жыл мерзіміне тағайындалады.

2.3. Комиссияның отырыстарында оның мүшелерінің кем дегенде 55% қатысқан жағдайда (кворум бар) отырыс занды болып табылады, комиссияның шешімдері отырысқа қатысқан оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданып, хаттамамен ресімделеді, оған комиссияның қатысқан барлық мүшелері қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

2.3. Комиссия төмендегі функцияларды атқарады:

- қызметкерге сыйақы мен лауазымдық жалақыларына ынталандыруши ұстемеақылар мөлшерін белгілеу үшін мектеп-интернаттың педагог және басқа да қызметкерлерінің еңбегі сапасының және нәтижелілігінің көрсеткіштері мен критерийлері тізбесін әзірлеу және өзгерту;

- мектеп-интернattyн педагог және басқа да қызметкерлерінің өз жұмысын орындауды бағалау және оның еңбек сапасының және нәтижелілігінің көрсеткіштері мен критерийлерінің белгіленген деңгейіне сәйкестігі;
- орындалатын жұмыстың көлемі мен сапасына, күш салуына және т.б. қарай сыйақы мен лауазымдық жалақыларға ынталандыруши ұстемеақылар мөлшерлерінің дифференциациясы;
- ӘБП қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына дербес ынталандыруши ұстемеақылар бегілеу, педагог және басқа да қызметкерлерге жұмыс сапасы мен нәтижелілігі бойынша ұсыныстарды қызметтік жазбалар, мектеп-интернattyн құрылымдық бөлімдері басшыларының мінездемелері негізінде мектеп-интернат директорына дайындалап тапсыру;

2.4. Комиссияның келесі өкілеттіктері бар:

- Комиссияға еңбек сапасының және нәтижелілігінің көрсеткіштері мен критерийлерінің белгілеу бойынша ұсынылған материалдарды, құжаттарды және т.б. жинау және талдау;
 - құрылымдық бөлімдер басшыларынан жұмыс қорытындылары бойынша қызметкерлерге сыйақы берудің, ынтанандыруши ұстемеақылар белгілеудің негіздемесі бойынша объективті шешім қабылдау үшін қажетті материалдарды сұратып алуға;
 - комиссияға ұсынылған еңбек сапасының және нәтижелілігінің көрсеткіштері мен критерийлерінің дұрыстығын, сәйкестігін анықтау үшін өз отырыстарына мектеп-интернattyн педагог және басқа да қызметкерлерін шақыруға;
 - қызметкердің жұмысы тиімділігінің көрсеткіштері орындалмаған, сондай-ақ қызметкерге сыйақы мен ынталандыруши ұстемеақыны белгілеу үшін бұрын болған негіздер жоқ болған жағдайларда директор алдында сыйақыны және жалақыға ұстемеақыны алып тастау (белгілемеу) мәселесін көтеруге;
- 2.5. Комиссия мектеп-интернattyн педагог және басқа да қызметкерлерінің кәсіби жұмысын талдау мен бағалаудың объективтілігі үшін жауапты болады.

3. Қызметкерлерге сыйақы беру шарттары мен тәртібі

3.1. Осы Ереже бойынша мектеп-интернатта тәмендегі сыйақы түрлері қолданылуы мүмкін:

- еңбек нәтижелері бойынша біржолғы сыйақы;
- мерейтойлық күндерге және Ұлттық, мемлекеттік және кәсіптік мерекелерге орай сыйақы;
- бюджеттік қаражат үнемделген жағдайда ӘБП қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ай сайынғы ынталандыруши ұстемеақылар.

3.2. Қызметкерге сыйақы беруге құқық беретін, оның еңбегінің нәтижелілігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер тәмендегідей:

3.2.1. Педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар үшін:

- Конкурстық қызмет және оқушылардың конкурстарға қатысуы туралы ережемен бекітілген барлық рейтингті кәсіби шеберлік конкурстарының лауреаттары мен жеңімпаздарын дайындау;
 - тікелей жіне соңғы нәтиженің жоғары көрсеткіштері – педагог қызметкерлердің жұмысы тиімділігінің сапалы және сандық көрсеткіштері (лауреаттарды дайындау, білім мен үлгерімнің жоғары сапасы, оқушылардың мектепті сапалы аяқтап шығуы және олардың бәсекеге қабілеттігі, жоғары оку орындарына окуға түсі, оқушылардың қорытынды аттестаттауының жоғары нәтижелері, БҰТ жоғары нәтижелері және т.б.);
 - оқушыларды оқыту және тәрбиелеу бойынша өз міндеттерін үздік орындау, педагогикалық жұмыс тәжірибесімен алмасу, республикалық және халықаралық деңгейдегі конференциялар, семинарлар және шеберлік кластарын ұйымдастыру және қатысу, оқу-әдістемелік әдебиет шығару, мақалалар дайындау және басып шығару, жалпы мектеп деңгейінде тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру;
 - мектеп-интернат жұмысының тиімділігіне және имиджіне әсер ететін кезек күтірмейтін және шұғыл жұмысты орындау, мектеп атынан сөз сөйлеу немесе өнер көрсету, түрлі комиссияларда, ұйымдарда, форумдарда және .т.б мектеп мұдделерінің өкілі болу;
 - конкурстар, көрмелер, концерттер, фестивальдар, оқушылардың акцияларын ұйымдастыруға көмектесу;
 - уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін орындау;
 - кәсіптерді (лауазымдарды) қоса атқару;
 - құзыретті бақылауды жүргізу, құрылымдық бөлімше жұмысын талдау, мектеп-интернаттың стратегиялық міндеттерін орындауға бағытталған талаптылық, жоғары жауапкершілік, бастамашылық;
 - комиссиялар құрамында табысты жұмыс, айрықша маңызды және күрделі мәселелерді шешу бойынша өз жұмысы;
 - Ережелер, нұсқаулықтар және өзге де жұмыс құжаттарын дайындау және бекіту;
 - Стратегиялық жоспарды, оқу-тәрбие жұмысының жоспарын, мектеп-интернаттың Медиа жоспарын іске асыру бойынша іс-шараларға қатысу;
 - Мектеп-интернаттың қоғамдық өміріне және мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуге белсене қатысу.
- 3.2.2. Педагог санатына жатпайтын қызметкерлер үшін:
- луазымдық міндеттерді үздік орындау, аса маңызды және күрделі тапсырмаларды орындау;
 - еңбектегі қызметін жүзеге асыру барысында новаторлық тәсілді қолдану, жаңа технологияларды қолдану;
 - қаражатты үнемдеуге және ұтымды пайдалануға бағытталған іс-шараларды енгізу;
 - мектеп-интернат жұмысының тиімділігіне және имиджіне әсер ететін кезек күтірмейтін және шұғыл жұмысты орындау;

- уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін орындау;
- кәсіптерді (лауазымдарды) қоса атқару;
- мектеп-интернаттың қоғамдық өміріне белсенді қатысу.

3.3. Мектеп-интернаттың қызметкерлеріне сыйақы төмендегі жағдайларда берілмейді:

- қызметкерден алынбаған тәртіптік жаза болса;
- сыйақы белгілеу күні мектеп-интернатта бір айдан аз уақыт істесе. Сыйақы белгілеу және т.б. үшін негіз бола алатын қолдау хаттың, кіріс күжаттың түскен күні сыйақы белгілеу күні болып табылады.
- жасалған еңбек шарты бойынша сынақ мерзімінен өту кезеңі аяқталмаса.

3.4. Еңбек нәтижелері бойынша, мерейтойлық күндерге және Ұлттық, мемлекеттік және кәсіптік мерекелерге орай сыйақы беру құрылымдық бөлімдер басшыларының қолдау хаты негізінде, мектеп-интернат директорының шешімі бойынша жүргізіледі.

3.5. Мектеп-интернаттың құрылымдық бөлімдері басшыларына сыйақы беру мәселесін комиссия бастамашылықпен көтеруі мүмкін.

3.6. Қызметкерлерге сыйақы беру туралы он шешім қабылданған жағдайда мектеп-интернаттың кадр бөлімі сол күнге келесі мәліметтерді қамтитын қызметтік жазба береді:

- мектеп-интернат қызметкерлерінің штаттық саны;
- жүктілік және босану бойынша демалыста бір айдан астам уақыт болған қызметкерлердің тізімі;
- үш жасқа толғанға дейін бала күтіміне арналған жалақы сақталмайтын демалыста отырған қызметкерлердің тізімі;
- бір айдан аз уақыт мектеп-интернатта жұмыс істейтін қызметкерлердің тізімі;
- сынақ мерзімі аяқталмаған қызметкерлердің тізімі;
- осы Ережеге сәйкес кейбір қызметкерлерде сыйақы белгілеуге шектеулері бар туралы мәліметтер.

3.7. Әрбір қызметкерге тиесілі сыйақы сомасын есептеуді жұмыс беруші қызметкерлерге сыйақы беру және лауазымдық жалақыларына ынталандыруши үстемеақылар белгілеу туралы комиссия қабылдаған шешім негізінде жүргізеді, жазбаша түрде ресімдейді және оған комиссияның жауапты тұлғасы қол қояды.

3.8. Сыйақы төлеуге өкімдік құжаты мектеп-интернат директорының бүйрығы болып табылады.

4. Қызметкерлердің жалақысына ынталандыруши үстемеақылар белгілеу шарттары мен тәртібі

4.1. Қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына ынталандыруши үстемеақылар төмендегі жағдайларда белгіленеді:

- қысқартылған және/немесе негізгі жұмысынан босатылмай, уақытша жоқ қызметкерлердің функцияларын орындау;

- қызметкерге кеңейтілгнен міндеттерді жүктеу, жеткілікті тәжірибесі мен жұмыс дағылары бар, оларды жоғары кәсіби деңгейімен үйлестіре отырып, практикада нәтижелі қолдану.

4.2. Қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеу және олардың мөлшері туралы шешімді комиссия қабылдайды.





4.3. Міндеттерді орындағаны үшін жалақысына үстемеақы белгігенген қызметкерден сол міндеттерді тиісінше орындаған кезде алдын белгіленген үстемеақы алынуы мүмкін.

4.4. Қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеу немесе лауазымдық міндеттерді тиісінше орындағаны үшін белгіленген үстемеақыны алу үшін өкімдік құжат мектеп-интернат директорының бұйрығы болып табылады, ол комиссияның ұсынымдары негізінде шығарылады.

5. Қорытынды ережелер

5.1 Осы Ереже Мектеп-интернатуралық Педагогикалық кеңесі шешім қабылдаған сәттен бастап қолданылады.

5.2. Осы ережемен реттелмеген мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алу қажет.

Әзірлеуші:			
№	Қызметкердің аты-жөні	лауазымы	қолы
1.	Болсамбеков Нияз Абдықадырович	мектеп-интернатуралық заңгері	
Келісілген:			
№	Қызметкердің аты-жөні	лауазымы	қолы
1.	Кошқарбаева Алия Рахымжановна	«Адалдық аланы» сыйайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық кеңесінің тәрайымы	
2.	Мусрепова Меруерт Сейсеновна	Директордың оқу жөніндегі орынбасары	
3.	Сурапбергенова Светлана Алмабаевна	Директордың музыка жөніндегі орынбасары	
4.	Ахметова Сауле Накеновна	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары	
5.	Абдраманова Гульнур Нурлановна	Бас бухгалтердің міндетін атқарушы	
6.	Касенова Раушан Серикболсыновна	Кадр мәселелері жөніндегі инспектор	
7.	Малтабарова Лаззат Бегайдаровна	«Ұстаз» кәсіби одақ бастауыш ұйымының тәрайымы	